

## **Ақтоғай ауданы бойынша автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын белгілеу және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық салықтардың мөлшерлемелерін ұлғайту туралы**

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 18 сәуірдегі 22 сессиясының № 198 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 мамырда № 4748 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Ақтоғай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Автотұрақтар (паркингтердің) санатына қарай автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген елді мекендердің жерлері үшін базалық салық мөлшерлемелерінің мөлшері осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес ұлғайтылсын.

3. Ақтоғай ауданына жататын автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге базалық салық мөлшерлемесін қолдануға жақын орналасқан елді мекендер болып Шашубай, Сарышаған кенттері және Ақтоғай ауылы айқындалсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Ақтоғай ауданы бойынша*

*мемлекеттік кірістер*

*басқармасының басшысы*

18 сәуір 2018 жыл

*С. Бакиров*

*Р. Әбеуов*

*А. Түсіпбеков*

Ақтоғай аудандық мәслихатының  
2018 жылғы 18 сәуірдегі  
22 сессиясының № 198 шешіміне  
1 қосымша

## **Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары**

№ р/с	Автотұрақтар (паркингтердің) түрлері	Санаттары
1	Жабық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	1 санат
2	Ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер)	2 санат

**Автотұрақтар (паркингтер) санатына қарай автотұрақтарға (паркингтерге)  
бөлінген елді мекендердің жерлері үшін салынатын базалық салық  
мөлшерлемелерінің мөлшері**

№ р/с	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Мөлшерлемелері
1	1 санат	он есеге
2	2 санат	он есеге